ЖШС «Нұр-Тілек»бөбекжай-балабақшасы

# Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

## Тақырыбы: «Менің Отаным»

(ересек,ортаңғы тобы)

Өткізген:Топ тәобиешілері

2023-2024 оқу жылы

Тексерілді
Білім

**Тақырыбы**: «Елім менің» **Күні: 22.10.2022**

**Мақсаты:**
- Балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.
- Елін, жерін сүюге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.
- Балаларды достыққа,адамгершілікке,саналылыққа тәрбиелеу

Құрметті тәрбиленушілер «Елім менің» деп аталатын ересек тобының тәрбие сағатын бастауға рұқсат етіңіздер.

Еліміздің Мемлекеттік Гимн орындалсын.

**Тәрбиеші:**
Көк туым көтерілді бағым жанып,
Елтаңбам күллі әлемге танылдыаның.
Шырқадым әнұранды бар дауыспен,
Арманым–Ата заңым қабылданды.

**Ой шақыру**
**Тәрбиеші:** Қазір қай мезгіл?
**Балалар:** Күз мезгілі.
**Тәрбиеші:** Күз мезгілінде неше ай бар?
**Балалар:** 3 ай бар.
**Тәрбиеші:** Аттарын айтыңдаршы.
**Балалар:** Қыркүйек, қазан, қараша
**Тәрбиеші:** Күз мезгіліндегі ауа-райының ерекшелігі.
**Балалар:** Жаңбыр жауады,жапырақтар сары,қызыл түске айналып, құрайды.
Адамдар қалың киінеді.
**Тәрбиеші:** Біз қай мемлекетте тұрамыз?
**Балалар:** Қазақстан
**Тәрбиеші:** Біз қандай мемлекетпіз.
**Балалар:** Тәуелсіз.
**Тәрбиеші:** Біздің ұлтымыз кім?
**Балалар:** Қазақпыз.
**Тәрбиеші:** Біз қай тілде сөйлейміз?
**Балалар:** Қазақ тілінде.
**Тәрбиеші:** Біздің мемлекетіміздің астанасы қай қала?
**Балалар:** Астана қаласы.
**Тәрбиеші:** Қ Р елбасы кім?
**Балалар:** Қ.К.Тоқаев.
**Тәрбиеші:** Өте жақсы балалар.

**Әзиза:**
Сарқылмайтың қуатым,
Тірегімсің Қазақстан.
Мәңгі соғып тұратын.
Жүрегімсің Қазақстан.

**Хор «Әрқашан күн сөнбесін»**

**Тәрбиеші:**

«Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға Алаш деген атты аламын» - деп азаттықты аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен азаматтарымыздың барлығы да қуғын – сүргінге ұшырап, құрбан болды. Қыршыннан кеткен арыстардыңи аманаты арқалаған кейінгі толқын 1986 жылы желтоқсанда тәуелсіздік үшін күресе білді.

**Ән: «Біз әдепті боламыз»**

Би: «Флешмоб» ер балалар

**Қорытынды бөлім:**

**Тәрбиеші:** Біздің отанамыз Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп гүлденуі үшін біз көп еңтенуіміз керек.Еңбектеу дегеніміз білімді, тәртіпті, болуымыз.

**Иманнұр:**
Аспан түстес көгілдір,
Тік бұрышты матаның.
Ортасында төгіп тұр,
Күн жаяды шапағын.

**Батырхан:**
Астында оның қалқыған,
Қыран құстың бейнесі.
Азат елдің шалқыған,
Көңілі деп білерсің.
Нұрахмет
Елтаңбасы елдігім
Елдің тыныш тірлігі.

**Омарәли:**
Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі
Мықты болсын еліміздің керегесі
Тату тәтті бұл халқымыз әркашанда
Кетпесін туған жердің берекесі.

**Айназ:**
Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Атамменен барғанмын.
**Іңкәз:**
Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой.
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік - ұлы той.

**Би: «Шаңырақ»**

**Раяна:**
Толтырған гүлге даланы
Жайнатқан ауыл қаланы
Ардақты атамекенім,
Отаным - Қазақстаным.
**Парасат:**
Гүл жайнаған Астан,
Қазақстан отаны.
Бірін-бірі сыйлаған,
Туысқандар отаны.

**Айзере:**
Тәуелсіздік жолында
Талай- талай тер төккен
Билігің өз қолында
Еркіндігім елдігім.







